

5. Скрыпник Т. доктор психологических наук, заведующая лабораторией по вопросам аутизма Института специальной педагогики НАПН Украины. Инклюзия в Украине: перспективы детей с аутизмом. //ru.osvita.ua.

6. Мировая практика инклюзивного образования//<http://inclusion.kz/>

ӘОЖ 376.37

<https://doi.org/10.53355/h5493-3029-5075-d>

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЛОГОПЕД МАМАННЫҢ ИНТЕГРАЦИЯ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ІСКЕ АСЫРУ ФОРМАЛАРЫ

Жакипбекова С.С.¹, Ормахан Б.Н.²

¹Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Доктор PhD. Алматы қ.

²Абай атындағы ҚазҰПУ 7М01906 Дефектология мамандығының 2 курс магистранты, Алматы қ.

E-mail: balnur.ormakhan@mail.ru, Sauleskorpion@mail.ru.

Бұл мақалада “Инклюзивті білім беру жағдайындағы логопед маманның интеграция қызметі” туралы қарастырылған. Инклюзивті білім беру жағдайында жүргізілетін логопед маманның басқа мамандармен біріге отырып (дәрігер, психолог, педагогтармен т.б) баланың сөйлеу тілі ақаулықтарын түзету, ерекше білім беруде қажеттілігі бар баланы барынша қолдау, әлеуметтік өмірге бейімдеу, танымдық қабілеттерін дамыту. Әрбір сөйлеу тілі бұзылыстарының түрі мен сипаттарына қарай жүргізілетін жұмыстардың бағыттары мен ерекшеліктеріне өзгеріс енгізе отырып инклюзивті білім беру аясында мамандардың біріге отырып сабақтастықта жұмыс жасауы маңызды екені айтылған. Инклюзивті білім беру ұйымында оқитын білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау аясындағы логопед-мұғалім қызметінің басымдығы маңызды орында.

Тірек сөздер: Инклюзия, логопедиялық түзете-дамыту жұмысы, логопед, интеграция.

В данной статье рассматривается “интеграционная деятельность логопеда в условиях инклюзивного образования”. Автор раскрывает совместную работу логопеда с другими специалистами (врачами, психологами, педагогами и т.д.) по коррекции с нарушениями речи ребенка, проводимая в условиях инклюзивного образования, включающая максимальную поддержку ребенка с особыми образовательными потребностями, адаптацию к социальной жизни, развитие познавательных способностей. Отмечено, что в зависимости от вида и характера каждого речевого нарушения важно работать в преемственности совместно с специалистами в рамках инклюзивного образования, внося изменения в направления и особенности проводимой работы. В сфере психолого-педагогического сопровождения детей с особыми образовательными потребностями, обучающихся в инклюзивной образовательной организации, приоритетность деятельности учителя-логопеда занимает важное место.

Ключевые слова: инклюзия, логопедическая коррекционно-развивающая работа, логопед, интеграция.

This article discusses the "integration activity of a speech therapist in inclusive education." Correction of speech defects of a child by a speech therapist together with other specialists (doctors, psychologists, teachers, etc.), carried out in an inclusive education, maximum support for a child with special educational needs, adaptation to social life, development of cognitive abilities. It is noted that, depending on the type and nature of each speech disorder, it is important to work in continuity with specialists in the framework of inclusive education, making changes in the directions and features of the work carried out. In the field of psychological and pedagogical

support for children with special educational needs studying in an inclusive educational organization, the priority of the activity of a speech therapist teacher occupies an important place.

Key words: *Inclusion, speech therapy correctional and developmental work, speech therapist, integration.*

Қазіргі кезеңдегі білім беруді модернизациялаудың негізі ерекше қажеттіліктері бар балаларды қоғамның қабылдауы, түсінуі, балаларды бөлуден бас тартуына байланысты. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында көрсетілген орта білім берудің инфрақұрылымдық дамуын қамтамасыз ететін міндеттердің бірі ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды инклюзивті ортада қолдау, ал орта білім берудің мазмұнын жаңарту аясындағы міндеттердің бірі білім беру ұйымдарын өлшемшартпен бағалау жүйесіне көшуді жүзеге асыру деп көрсетілген [1]. Ерекше қажеттіліктері бар балалардың табысты әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін қазіргі заман талабына сай ұйымдық-құқықтық және білім беру модельдерін құру болып табылады. Ұлттық статистика бюросының 2020 жылғы статистикалық зерттеулеріне сүйенер болсақ, елімізде 161 156 білім беруде ерекше қажеттіліктері бар балалар саны. Осы аталған көрсеткіш негізінде 47 022 балада сөйлеу тілі бұзылыстары анықталған [2]. Аталған көрсеткіштер арнайы және инклюзивті мектептерде логопедиялық жұмысты ұйымдастырудың нәтижесі мен сапасын сәйкестендіру міндетін көздейді. Әсіресе, инклюзивті білім беру саласы еліміздегі өзекті мәселенің бірі деуге болады. Инклюзивті білім беру мәселесі турасында жүргізілетін логопедиялық жұмыс туралы көптеген ғалымдар зерттеу жұмыстарын жүргізген. Оларға М. А. Алексеева, С.В.Алехина, Л.В. Годовникова, Е. Н. Кутепова, Н. Н. Малофеев, Н. М. Назарова, М.М.Семаго, Н.Я. Семаго және т.б. жатады [3]. Қазіргі уақытта әр түрлі даму ерекшеліктері бар балалар дүниеге келуде, оның ішінде сөйлеу процесі дамуы артта қалған балалардың саны жылдан -жылға артып келеді. Және бұл балаларды толыққанды қоғамға қосу мәселесіде қызу талқылануда. Инклюзивті білім беруді енгізудің мақсаттарын, басым бағыттарын жаңашыл түсіну ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың білім беру жағдайларын қайта қарастыру қажеттілігін анықтайды. Білім беру парадигмаларының өзгеруі, білім беру кеңістігінің интегративтілігінің артуы, оның ашықтығы білім берудің әртүрлі модельдері мен технологияларын енгізу қажеттілігіне әкеледі. Бұл тұрғыда (мектеп мұғалімі, логопед, сурдопедагог, олигофренопедагог, тифлопедагог) мамандардың инклюзивті білім беруге дайындығын, педагогикалық білімді жетілдіру қажеттілігін, әрбір маманның жүргізілетін жұмысының ерекшеліктері атап өтіледі [4]. Жыл сайын мектепке дейінгі мекемеде төрт – бес жастағы балалардың жоғары психикалық функциялардың қалыптасуындағы өзгешеліктерді уақтылы анықтау үшін психологиялық-логопедиялық диагностика жүргізіледі, бұл процесс уақытында дамыту-түзету жұмысын іске асыруға мүмкіндік береді. Диагностика нәтижелері бойынша сөйлеу және психикалық дамуында ерекшеліктері бар балалар ата-аналарының қатысуымен Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияға жіберіледі. ПМПК мамандары ата-аналарға балаларын одан әрі оқыту және тәрбиелеу перспективалары туралы ұсыныстар береді. Ата-аналардың балалары баратын мектепке дейінгі мекемені таңдау құқығы бар. Ерекше білімді қажет ететін баланы одан әрі қолдау үшін баланың ата-анасы таңдаған білім беру мекемесінің психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиумы (ПМПК) жиналады. Оның құрамына инклюзия бойынша үйлестіруші, педагог-психолог, логопед-мұғалім, әлеуметтік мұғалім, дефектолог т.б мамандар кіреді. Консилиумның әрбір маманы баланың психофизикалық дамуының жай-күйін бағалайды және өзінің мамандануына сәйкес даму, тәрбие және әлеуметтік бейімделу тұрғысынан оның мүмкіндіктеріне болжам береді. Мінез-құлық өзгерістеріннің себептері мен тетіктерін бағалауды, психологиялық түзету жұмыстарының бағыттарын, оның дәйектілігі мен тактикасын педагог-психолог анықтайды. Баланың сөйлеу процесінің сипатын мұғалім-логопед анықтайды, ол баланың мүмкіндіктеріне сәйкес келетін сүйемелдеу шарттары мен

формасын анықтайды. Білім беру дағдыларының қалыптасуын мұғалім бағалайды. Дамудың әлеуметтік жағдайын, баланың оқу орнынан тыс ортасын, отбасының әлеуметтік мәртебесінің ерекшеліктерін әлеуметтік мұғалім бағалайды [5].

Инклюзивті білім беру саласында қызмет атқарып жатқан мамандар ішінде логопедтің құзыреттілігіне ерекше тоқталуды жөн көрдік. Мұғалім- логопед қызметінің ерекшелігі бірінші кезекте балалардағы сөйлеу бұзылыстарын түзету, бірақ қазіргі мұғалім-логопед әр түрлі санаттағы, дамуында түрлі ерекшеліктері бар балалармен жұмыс жасайды. Инклюзия жағдайындағы жүргізілетін педагогикалық қызметтің сәтті ұйымдастырылуы логопед жұмысының дайындығына байланысты.

Логопед – мұғалім инклюзивті білім беру кеңістігінде ерекше білімді қажет ететін балаларды психологиялық-педагогикалық қолдауды жүзеге асыратын мамандар тобының мүшесі бола отырып (мұғалім-дефектолог, педагог-психолог, тьютор, әлеуметтік педагог), сөйлеуді дамыту мәселелері мен коммуникативтік қиындықтарға байланысты білім беру бағдарламасының академиялық компонентін меңгеруде мүмкін болатын қиындықтарды жеңуге бағытталған түзету жұмыстарын жүзеге асырады.

Жалпы білім беру жүйесінің инклюзивті практикаға бағдарлануына байланысты жалпы білім беру ұйымының мектеп логопунктінде жұмыс істейтін логопед – мұғалімге қойылатын талаптар өсті. Бұл логопед – мұғалім қызметінің барлық бағыттарына қатысты: дифференциалды логопедиялық диагностика, түзету әсерінің жеке-бағдарланған бағдарламаларын әзірлеу, түзету-логопедиялық жұмыстың әдістері мен тәсілдерін таңдау және әзірлеу, сөйлеу патологиясы бар балалардың ата-аналарымен жұмыс істеу, алдын-алу шаралары.

Логопедтің өз жұмысында жаңа әдістерді қолдану және сол әдістерді интеграция арқылы нәтижеге жеткізу – заманауи тенденциялардың негізгі аспектісінің бірі [6].


Инклюзивті білім беру жағдайында балалардың сөйлеу тілі бұзылыстарын жеңудің кешенді тәсілін жүзеге асыру, оларды құрдастарының жалпы білім беру ортасына сәтті қосу мамандардың интегративті өзара әрекеттесуін ұйымдастыру арқылы ғана мүмкін болады. Бұл тұжырымдаманың қазіргі мазмұны ерекше білімді қажет ететін баланы дамытудың бірыңғай стратегиясын әзірлеуге және іске асыруға және оның отбасына қолдау көрсетуді ұйымдастыруға бағытталған кәсіби ынтымақтастық ретінде анықталады. Пәнаралық өзара іс-қимылдың негізгі мақсаты инклюзивті білім беру процесінде баланы ұйымдастыру және сүйемелдеу саласында тиімді технологиялар мен шешімдерді іздестіру болып табылады (А.А.Алмазова, К. Ю. Белая және т. б.). Білім беру мекемелерінде жүргізілген медициналық тексерудің жалпы статистикасы әртүрлі сөйлеу қабілеті бұзылыстары бар балалардың көбеюін анықтайды, атап айтқанда дыбыс айту жағының бұзылысы және жалпы сөйлеу тілінің бұзылысы. Сөйлеу бұзылыстары күрделі психофизикалық симптоматикалық кешенімен сипатталады, онда физиологиялық (жүйке жүйесінің әлсіздігі, соматикалық әлсіреу, тыныс алудың бұзылуы), сөйлеу (эмболофразия және т.б.) және психологиялық көріністер (логофобия және т. б.) ерекшеленеді. Арнайы түзету көмегі болмаған жағдайда, логопедиялық бұзылыстар уақыт өте келе күшейе түседі және баланың психикалық дамуына кері әсерін тигізеді, сөйлеу қорқынышы, қарым-қатынас мүмкіндіктерін шектейді, жеке сипаттамалардың дамуын бұрмалайды және әлеуметтік ортаға бейімделуді қиындатады (Л.И. Белякова, Е. А. Дьякова, С. В. Леонова, В. И. Селиверстов және т. б.) [7].

Тиімді ынтымақтастықты жүзеге асыру үшін, біздің ойымызша мына үдерістер қалыптасуы тиіс:

- балалардың сөйлеу ерекшеліктерін есепке алу;
- бұзылыстардың клиникалық көріністерін білу;
- тұлғаның мінез-құлық ерекшеліктерін есепке алу;
- баланың ресурстық мүмкіндіктерін пайдалану;
- бейімделу және әлеуметтену міндеттерінің басымдығына көңіл бөлу;

- маманның аралас пәндерге қызығушылығы, әмбебаптандыру мен инновацияға дайындығы, өзара көмекке ұмтылысын қадағалау;
- ата-аналардың баланы әлеуметтендіруге және білім беруге бейімдеуге қатысуы, олардың мамандармен серіктестік қарым-қатынасын жүзеге асыру.

Өзара интеграцияның маңызды аймақтарын бөлуге болады, олардың негізгі буыны логопед болып табылады. Логопед маман интеграция процесіне қатыса отырып келесі мамандармен байланыс орнатады.



Сурет 1 - Логопед жұмысындағы интеграция түрлері

Дәрігер мен логопедтің интегративті жұмысының мазмұны мыналарды қамтиды: логопедиялық тексеру, бұзылыстың клиникалық түрінің диагнозын қою, логопедиялық сабақтарға арналған денсаулық сақтау технологияларын таңдау, жалпы жағдайды динамикалық бақылау. Логопедтің мұғалімдермен ынтымақтастық процесінің нәтижелері: балаға педагогикалық сипаттама жасау, сабақтарда баланың сөйлеу ерекшеліктерін білу, сыныпта жағымды психологиялық қатынасын қалыптастыру, психологиялық жағдайды динамикалық бақылау.

Логопед пен музыка жетекшісінің қызметінде музыкалық және сөйлеу терапиясының әдістері мен тәсілдерін біріктіру жүзеге асырылады (сөйлеу терапиясының ырғағын жүргізу: психо-бұлшықет жағдайын қалыпқа келтіру, сөйлеу тынысын қалыптастыру, сөйлеудің просодикалық жағы, моторлы функцияларын дамыту, сөйлеуді үйлестіру, вокалдық жаттығулар). Әр түрлі сөйлеу бұзылысы бар балалармен түзету жұмыстарында логопед пен музыка жетекшісінің бірлескен сабақтары оң нәтиже береді, баладағы сөйлеу бұзылыстарын түзетуге және логопедиялық жұмыстың тиімділігін тиімділікті арттыруға қол жеткізеді, және балалардың қарқынды бейімделуіне ықпал етеді. Музыка сабақтары кезінде сөйлеудің дамуы сөз, қозғалыс және музыка синтезінің көмегімен жүреді. Қозғалыс сөзді түсінуге көмектеседі. Сөз бен музыка балалардың қозғалыс әрекетін ұйымдастырады және реттейді, бұл олардың танымдық белсенділігін, эмоционалды- еріктік саласына жағымды әсер етеді және қоршаған орта жағдайларына бейімделуге көмектеседі.

Бірлескен түзету сабақтары, бір жағынан, бұзылған сөйлеу функцияларын жояды, екінші жағынан, баланың функционалды жүйелерін дамытады: тыныс алу, дауыстық функция, артикуляциялық аппарат, жалпы ерікті назар аудару, сөйлеу және моторлық дағдыларын дамыту, есте сақтау және өзін-өзі еркін сезіну.

Логопед пен әлеуметтік педагогтың біріккен жұмыс барысы:

- білім беру мекемесі мен тәрбиеленушінің отбасымен өзара байланысты жүзеге асырады;
- тәрбиеленушілерді зерттеуге және жеке даму бағдарламаларын құрастыруға қатысады;

- баланы отбасында тәрбиелеу мен адекватты әлеуметтік әрекеттерді қалыптастыру сұрақтары бойынша ата-аналарға кеңес береді;
- баланы отбасында тәрбиелеу мен дамытудағы әлеуметтік жағдайларды зерттейді;
- педагогтар, әлеуметтік қорғау қызметтерінің мамандарымен, тәрбиеленушілерге әлеуметтік көмек көрсету сұрақтары бойынша қайырымдылық мекемелерімен өзара байланысты болады;
- топ тәрбиеленушілерін әлеуметтік қорғау іс-шараларын іске асырады;
- тәрбиеленушілердің қызығушылықтарын, қажеттіліктерін, қиындықтарын, іс-әрекеттеріүдегі ауытқушылықтарды анықтап, дер кезінде оларға әлеуметтік көмек көрсетеді.

Логопед пен психологтың өзара әрекеттесуінде келесі негізгі ұстанымдарды бөлуге болады: балаға психологиялық сипаттама жасау, эмоционалды- еріктік сферасын, өзіне деген сенімділігін қалыптастыру (релаксация жаттығулары, ертегі терапиясы және психологиялық тренингтер, терапиялар), қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру, мектептегі психологиялық ақуалды, жалпы балалардың психологиялық жағдайларын динамикалық бақылау. Логопед пен психолог өз жұмысында әртүрлі міндеттерді көздейді, бірақ оларға жетудің жолдары мен тәсілдері әртүрлі болып келеді. Әрқашан екі маманның көмегіне мұқтаж балалар тобы бар екенін есте ұстаған жөн.

Интеграция аясында логопедтің жұмысы келесідей:

- сөйлеудің дыбыстық жағын дамыту
- лексика қорын және тілдің грамматикалық құрылымын дамыту
- толық оқу дағдылары мен дағдыларын қалыптастыру
- үйлесімді сөйлеуді қалыптастыру.

Интеграция аясында психологтың жұмысы келесідей:

- жоғары психикалық функцияларды дамыту және түзету;
- танымдық іс-әрекетті жандандыру;
- эмоционалды-еріктік саланы дамыту.

Өзара интеграция:

- сабақтарды жоспарлау және өткізу;
- балалармен түзету жұмыстарының жоспарларын құру;
- тексеру және түзету-дамыту қызметінің нәтижелері бойынша мониторинг;
- педагогтер мен ата-аналарға ұсыныстар әзірлеу.

Осылайша, логопед те, психолог та сөйлеуді және басқа психикалық процестерді бір уақытта дамытады.

Логопед пен педагогтардың өзара әрекеттесуі негізі:

- мүмкіндігі шектеулі балаларды топта (сыныпта), мектепке дейінгі мекемеде немесе мектепте мақсатты интеграциялау;

- топтағы балалардың өзара байланыстары мен түзету-педагогикалық процесті ұйымдастыру сұрақтары бойынша тәрбиешілерге, музыка жетекшісіне, дене шынықтыру мұғаліміне, әлеуметтік педагогқа және қосымша білім беру педагогына кеңес беру;

- фронталды, топтық және кіші топтарда жүргізілетін сабақтардың мазмұны мен әдістерін сараптауда көмек беру;

- мүмкіндігі шектеулі балаларға түзету психологиялық-педагогикалық және медициналық көмекті реттеу;

- басқа мамандармен бірігіп сабақтар өткізу (музыка мұғалімімен, дене шынықтыру мұғалімімен және т.б.);

- мүмкіндігі шектеулі немесе жас көрсеткіштерінен қалыс қалған тәрбиеленушілермен фронталды және жеке сабақтар өткізу, сонымен қатар қалыпты балалар мен мүмкіндігі шектеулі балаларды біріктіріп кіші топтарда және топтық сабақтар жүргізу;

- педагогикалық анықтау жұмысын жүргізу;

- жеке білім алу бағыттарын құрастыру және нақтылауды қамту;

- пәнаралық топтың мүшесі ретінде жеке бағдарламалар мен топтың бағдарламаларын құрастыруға және іске асыруға қатысу;

- баланың анықталған нәтижелерін ескере отырып онымен жұмысты ұйымдастыруға байланысты басқа мамандарға арналған ұсыныстар жасау.

- Педагог яғни сынып жетекші мен логопед маманы біріге отырып, логопед сынып жетекшіге баланың сөйлеу тілі бұзылыстарының сипатын түсіндіреді, сабақ кезінде сөйлеу тілінде бұзылысы бар балаға егер балада тұтықпа болған жағдайда асықтырмай, жүйке жүйесіне салмақ түспейтіндей берілетін мәліметтер жүктемесін азайтуға, топтағы балалармен бірлесе сабаққа қатысуына, сөйлеу тіліндегі ақаулықтарды біріге отырып түзетуге әрекет етеді [8].

Қорыта келе, инклюзивті білім беруде ерекше білім беруде қажеттілігі бар балаларды қолдау тікелей командалық түрде, біріге отырып жұмыс жасау барысында тиімді жүргізіледі. Ерекше қажеттіліктері бар балаларды ерте жастан анықтай отырып, дер кезінде түзете-дамыту жұмыстарын жүргізу, балалардың қоғамға еркін бейімделе алуына жол ашады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Государственная программа развития образования и науки на 2016-2019 годы. – Астана, 2016 год.

2. https://www.inform.kz/ru/skol-ko-v-kazahstane-detey-s-osobymi-obrazovatel-nymi-potrebnostyami_a3687556

3. Брызгалова, С.О. Инклюзивный подход и интегрированное образование детей с особыми образовательными потребностями [Текст] / С.О. Брызгалова, Г. Г. Зак // Специальное образование. - 2010. - № 3. -С. 14-20.

4. Вакуленко, Л. С. Школьная логопедическая служба в свете инклюзивного обучения [Текст] / Л. С. Вакуленко // Логопед. – 2011. – №4. – С. 11-18.

5. Психолого-педагогическое сопровождение детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе: метод. рекомендации/ Елисеева И.Г., Ерсарина А.К. - Алматы: ННПЦ КП, 2019. - 118с.

6. Белянкова Н.М. Интегрированный подход в обучении младших школьников: пособие для учителя. М: Просвещение, 2008.

7. Леонова, С. В. Интегративный подход в деятельности специалистов как необходимое условие инклюзивного образования / С. В. Леонова // Специальное образование : материалы 11 - й Междунар. науч. конф. / Ленинград. гос. ун-т им. А. С. Пушкина. — СПб., 2015.

8. Богинская, Ю. В. Инклюзивная образовательная среда начальной школы: комплексный подход [Текст] / Ю. В. Богинская // Гуманитарные науки. – 2015. – №4. – С. 47-53.

ӘОЖ 376.37

<https://doi.org/10.53355/x0400-8397-7693-h>

ЕСТУ ҚАБІЛЕТІ БҰЗЫЛҒАН ЖАСӨСПІРІМ БАЛАЛАРДА ҚАРЫМ- ҚАТЫНАСТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жиенбаева Н.Б., пс.ғ.д., профессор, **Қырғызбай А.С.**, магистрант
Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті

E-mail: ayman.kyrgyzbay@bk.ru

Есту қабілетінің жоғалуы баланы негізгі ақпарат көздерінен айырады. Баланың ойлау және даму процесін шектейді. Жалпы есту қабілетінің бұзылуы баланың сөйлеуіне және есте сақтау мен ойлаудың қалыптасуына әсер етеді. Соңғы жылдары туғаннан естімейтін балалар жиі кездеседі. Балада есту қабілетінің толық немесе ішінара жоғалуы - бұл физикалық ақау, нәтижесінде баланың ақыл-ойының дамуы төмендейді.